

С. Мағжан

ф.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан (e-mail: saule.magzhan@ayu.edu.kz)

Ым мен ишараттар семантикасы

Андатпа

Мақалада ресми стиль тұрғысынан бейвербалды элементтердің іскерлік кездесудің ажырамас бөлшегі екендігі, белгілі бір кинетикалық ишаратты таңдап алу сөйлеушінің тыңдаушыға деген көзқарасын сездіріп, байқатумен бірге сөйлеушінің қоғамдық жүйемен, салт-дәстүрмен таныстығын көрсететіндігі сөз болады. Соған орай тіл-тілде ым мен ишарат семантикасын қарастыру мәселесі, ым мен ишараттардың семантикасының халықаралық қатынастар кезінде өте актуальдана түсетіндігі туралы мәселелер қозғалады. Бейвербалды элементтердің сапасына, сипатына, әр ұлттың мінез-құлқына сай спецификалық ерекшеліктері қарастырылып, семантика туралы ғылымда қалыптасқан түсініктерге сілтеме беріледі.

Адамның дауыс ырғағы мен қарқыны әңгіменің барысы мен мазмұнына, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасына өзгеріс кіргізіп, әсер береді. Тілдік мағына грамматикалық және лексикалық мағына болып екіге бөлінеді. Оның ішінде ең маңыздысы – лексикалық мағына. Лексикалық мағынаны анықтаудың ғалымдар ұсынған бағыттары мен жолдары көп. Алайда, қазақ тіл білімінде бұл мәселе арнайы зерттелген емес. Сондықтан лексикалық мағынаны әр зерттеуші өзінше түсінеді. Осы тұрғыдан мақалада ғалымдар көзқарастары ұсынылды.

Кілт сөздер: Мағына, ұғым, семантика, ым, ишарат, проксемика, коммуникация.

S.Magzhan

Dr., Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan,
Kazakhstan (e-mail: saule.magzhan@ayu.edu.kz)

Semantics of Mimic and Gesture

Abstract

The article deals with the official style of non-verbal elements which is an integral part of a business meeting and the choice of a specific kinetic attribute is that the speaker's attitude to the listener reflects the speaker's familiarity with the social system, familiarity with tradition. In this regard, the question of the semantics of the gesture and sign language in different languages will be raised, the question of the semantics of gestures and signs during international negotiations will also be analyzed. The article deals with the quality, the nature of non-verbal elements in the specific features of each nation. There are also references by scholars from different countries to scientifically proven about word meaning and concepts about semantics.

The rhythm and tempo of a person's voice tells us about the effect and content of a conversation, about changes in the meaning of individual words and phrases. Linguistic meaning is divided into two as grammatical and lexical meaning. The most important thing is the lexical meaning. The lexical meaning of the word has many directions and ways proposed by scientists. However, this question is not specifically studied in the Kazakh language. That is why every scientist understands the lexical meaning in his own way. From this point of view, the article presents the views of scientists.

Key words: Significant, concept, semantic, expression, gesture, proxemics, communication

Кіріспе

Қазақтың жетілген, стильдік тармақтары қалыптасқан, дамыған әдеби тілі бар екені белгілі. Осы әдеби тілдің функционалдық стиль түрлеріндегі коммуникацияның бейвербалды элементтерінің үлес-салмағы, мөлшері, қолданыс жиілігі туралы мәселе де қызықты. Көркем әдеби стиль, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, ресми іс-қағаздар стилі, эпистолярлық стиль түрлерінде параамалдар қолданыла ма, жоқ па деген мәселе көтерген еңбекті қазақ тіл білімінде кездестірмедік. Бірақ өз тарапымыздан кейбір бақылаулар жүргізіп байқадық.

Енді соған аздап тоқталып көрелік. Ғылыми стильдің жазба түрінде ишараттарға орын жоқ. Ал лекция оқыған кезде, сабақты түсіндіруде ым мен ишараттың тілдік қатынаста қолданылмауы мүмкін емес. Біздің бақылауымызға сай нұсқау ишараттары (иек қағу, көзбен нұсқау, қолмен көрсету) өте жиі қолданылады.

Ресми стиль тұрғысынан алғанда бейвербалды элементтер – іскерлік кездесудің ажырамас бөлшегі. Кездесу кезінде *қол алып амандасу* еуропалықтардың дәстүріне айналған болса, Жапонияда *иіліп құрмет көрсету қол алысудың орнына* жүреді. Яғни Жапонияда тәрбиеліліктің, дұрыс дәстүрге сай тәрбие көрген адамның белгісі – иіліп құрмет көрсету. Кездесуге келген жапондық тривиалды түрдегі құрмет белгісі ретінде бар болғаны 15 рет иілсе, адамның жақсы көзқарасын қалыптастыру үшін 45 рет иіледі, ал адамды ерекше құрметтейтінін 70 рет иілумен білдірсе, аса құрметті тұлғаны 90 рет иіліп қарсы алу дәстүрі бар. Бұл – жапондықтар үшін этикет, этикеттік норма.

Коммуникация кезіндегі тыйымдардың жиынтығы деп есептеліп кеткен этикет пен ишараттар жүйесін өзгелерден айырып тұратын айырым-белгілері туралы Т.М. Николаева: “Членит совокупность неречевых элементов по определенным образом на речь “членит совокупность неречевых элементов по новому основанию – допустимости/недопустимости употребления”, – деп көрсетеді [1, с.78-79].

Белгілі бір кинетикалық ишаратты таңдап алу сөйлеушінің тыңдаушыға деген көзқарасын сездіріп, байқатумен бірге сөйлеушінің қоғамдық жүйемен таныстығын, салт-дәстүрмен таныстығын көрсетеді. Мұндай жағдайда ым мен ишараттың семантикасы бірінші кезектегі орынға қойылып, ойдан шығарылмағаны жөн. Ал ым мен

ишараттардың семантикасы халықаралық қатынастар кезінде өте актуальдана түседі.

Көбінесе ым мен ишараттың семантикасына байланысты интерпретациялау кезіндегі қателіктер ым мен ишараттардың формальды ұқсастықтарынан туындайды. Өйткені, өз мәдени ортасында белгілі бір ымға, ишаратқа қандай мән таңылса, өзге ортада, жат жерде, басқа қоғамда да сол мағына сол бір ым мен ишаратқа тән болады деп есептеуден формальды қателіктер жіберіледі. Мұндай формальды ұқсастықтар үнемі кездесіп қалады. Осы жөнінде және универсалды параамалдардың болатындығы туралы зерттеуші М. Ешимов өз жұмысында аса бір қызықты факторларды мысалға келтіреді. Оның айтуынша, қуаныштың беттегі көрінісі универсалды және оны барлық халық бірдей қабылдайды. Қуану кезінде *езу тартылып, көздің айналасында әжімдер пайда болады*. Қуаныш әлеуметтік байланыстарды, қатынастарды жеңілдетіп, оларды нығайта түседі. Бір адамның күлкісі екінші бір адамның бет жүзінде күлкінің пайда болуына себепші болады [2, 46 б.]. *Бас изеу* қазақ халқында, өзге біраз ұлттарда құптауды білдіргенмен, қайсыбір ұлттар құптауды *бас шайқау* арқылы жеткізеді.

Керісінше, семантикасы жағынан ұқсас ым мен ишараттар болумен қатар, мүлде қарама-қарсы мағынада жұмсалып, әрі қарама-қарсы мағынада ұғылатын кинесикалық құралдар әр ұлтта бар, кездесіп қалады. Бұл жөнінде С. Бейсембаева: “Даже такие универсальные по значению жесты, как приветствие, прощание и другие, имеют массу вариантов выражения не только в разных национальных культурах, но и в пределах одной этнической культуры”, – деп атап өтеді [3, с. 9].

Этикеттік ситуацияларда аса маңызды рөл атқаратын бейвербалды құрал *ым мен ымдау* екені белгілі. Американдықтар мен еуропалықтар кездесу кезінде, іскерлік келісімдер кезінде қарсы тараптың өкілінің бетіне, ымына қарап көптеген қосымша ақпараттар ала алады. Өйткені ым түрлерінің де кәдімгі тілдік бірліктер секілді әртүрлі мәдени ортада қалыптасқан, белгілі бір ситуацияларға орай жұмсалатын өзіндік стандартты түрлері бар. Айталық, ағылшындар кездесу кезінде ешқандай ым мен ишараттың қолданысына жол берілмей, я болмаса бейвербалды амалдардың қолданысының тоқтатылғанын сезсе, онда қарсы жақтың әңгімені әрі қарай жалғастыруға мүлде құлқы жоқ, іскерлік әңгімені әрі қарай жалғастыруға қызықпайды деген қорытынды жасайтын көрінеді.

Коммуниканттардың дене қалыбы (позасы) этикет бойынша үлкен маңызға ие. Өзге ұлттардың тілдерінде ым, ишарат, дене қалыбының түрлі ситуациялардағы маңызы мен мәні, этикеттік жүйедегі алатын орнын зерттеу қолға алынуда. Бұл, біздіңше, аса құптарлық мәселе, осындай ізденістер қазақ тілінде де жалғасын табады деп ойлаймыз. Дене қалыбының семантикасы, коммуникативтік акт кезіндегі атқаратын функциясы бейвербалды амалдарға байланысты жазылған жұмыстарда қаралып та жүр. Бірақ негізінен көркем әдебиет тіліндегі байқалатын тілдік қолданысы, тілдік сипаты жөнінде көбірек айтылып жүргені белгілі. Іскерлік кездесу, күнделікті өмір ағымындағы функциясын қарастыру кенжелеу қалып барады. Айталық, іскерлік кездесу кезіндегі қолданылатын бейвербалды элементтерді арнайы қарастырған Е. Аллан өзінің жинаған ақпарат-мәліметтерін мынадай кесте арқылы ұсынады.

Кесте 1 – Таңба-ишараттар мағынасының әртүрлі мәдени ортадағы салыстырмалы сипаты

Таңбалар	Таңба-ишараттарды өзге (бөтен) мәдениет адамдарының түсінуі
Визуальды контакт (көз арқылы)	Адамның бетіне тік қарау кара түсті американдықтар мен испан тілінде сөйлейтін жастар үшін сыйламаудың белгісі болғандықтан тура қарамайды.
Дене тілі	Африка елдерінде бетпе-бет контакт жасау тым агрессивті болып есептеледі. Керісінше, Таяу Шығыс елдерінде әңгіме кезінде аралық қашықтықтың жақын болуы бетпе-бет әңгіме үшін қалыпты жағдай болып, бойлары үйренген. Ал еуропалықтар кездесу кезінде белгілі бір қашықтықты сақтауды әдетке айналдырған.
Дауыс тоны мен сөйленіс жылдамдығы	Испандықтар мен италияндықтар өзгелерге қарағанда тым тез сөйлейді. Американдықтар дауыстап, қатты сөйлеседі, өйткені ақырын сөйлесу сөйлесуші адамды сезіктендіреді, қауіп ойлайды.
Әңгіме тақырыбына қатыстылығы, байлаулылығы	Американдықтар мен немістер негізгі мәселеге бірден көшеді, негізгі мәселеден бастайды. Жапония мен басқа да азиялық мәдениеттің өкілдері мәселеге тікесінен көшуді дұрыс санамайды, кездесудің ең соңғы минутына дейін келісімшартқа (контрактіге) қол қоймайды.

Қазақ халқының түсінігінде адамның *бетіне тік қарау* әңгімеге қатысып тұрған адамның адалдығын, шыншылдығын, өтірік емес,

шынын айтып тұрғанын білдіреді. Адамның бетіне тік қарамайтын кісі туралы қоғамдық пікір жақсы емес. Тік қарамау ол адамның жасықтығымен бірге, кісінің өтірік айтып тұрғанын аңғартады, ішіне әлденені бүгіп қалды-ау деп ойлауға итермелейді. Ал сөйлесіп отырған адамдар бір-біріне бас түйістіре отырып әңгімелесуі олардың бір-біріне өте жақындықтарын, сырлас адамдар екенін дәлелдейтін позалар. Бірақ тым қатты ашуланғанда да бетпе-бет келіп, бір-біріне жақындаса түсіп, қашықтық сақталмай, мүлде ескерілмей, айқайласа беретіндігі бұл позаның басқа бір қырын көрсетеді.

Қазақ параамалдарында іскерлік кездесу кезінде белгілі бір қашықтықты сақтау үрдісі енді орнығып келе жатқан сыңайлы. Іскерлік әңгіменің көбінесе ресми түрде өтетіндігі мен мәселенің үстел басында шешілетіндігі арақашықтықтың маңызын күшейтіп, белгілі бір этикеттік нормалардың сақтала бастағандығының белгісіне айналуда деп білеміз.

Адам дауысының ырғағы мен қарқыны әңгіменің барысы мен мазмұнына, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасына өзгеріс кіргізіп, әсер беретінін айтсақ, қазақтардың арасындағы әңгіме ауаны проксемикалық элементтерге тығыз байланысты болып келеді. Жалпы қазақтар сабырлы да салмақты сөйлейтін адамдарды сыйлайды, олардың сөзіне көңіл қояды. Тым тез сөйлейтін адамдар тым қызба, ұр да жық болып есептеледі. Дауыс тембрінің қатты шығуы, екпінмен сөйлеу де тым жақсы пікір тудыра бермейді, ондайда сол адамға деген көзқараста негативті оттенкілер басым түсіп жатады.

Ал әңгімеге тікелей көшу, турасын айту жағына келгенде барлық азиялық мәдениеттің өкілдері сияқты қазақтар да нақты әңгімеге бірден көшпей, сипақтатуға, уақытты созып жіберуге бейім келетіні рас.

А.И. Галичев проксемикалық компоненттерді орындаушылардың қатысына қарай бір жақты және екі жақты деп ажыратады. Бір кинемалар коммуникацияға қатысушы бір ғана тарап арқылы, ал екі жақты кинемалар екі тараптың қатысымен орындалады [4, 22 б.].

Екі жақтың қатысуымен орындалатын қимылдарға:

- қол алысу;
- құшақтасу;
- сүйісу;
- бір-бірінің арқасынан қағу;
- бір-бірінің арқасынан сипаласу;
- бірінің бірі иығынан қағып (түйіп) жіберу;

- жастардың кездескенде жұдырықтарын түйістіруі;
- бір-бірінің кеуделерін үш рет тигізуі;
- алақандарын түйістіруі;
- қыз балалардың беттерінен сүйісуі, сүйісудің ырымын (белгісін) жасауы;
- бір-бірін кездескенде ақырын ғана алақанмен жұмсақ қағуы;
- көптен көріспеген адамдардың, туыстардың бірін-бірі құшақтап, құшақтасқан сәтте бірінің кеудесіне екіншісінің басын қоюы, т.б. жатады.

Осындай екі жақтың қатысуымен орындалатын қимылдар кезінде қоса-қабат айтылатын қошемет мәнді есім қаратпалар (жаным, қарағым, батырым, сабазым, даңғылым, т.б.) тәуелді тұлғада тұрғанмен меншікті мағына емес, интимдік мәнді білдірудің тәсілі ретінде жұмсалады. Мұндай тәсіл адресаттар мен адресанттардың арасындағы қарым-қатынас, сыйластықты (дистанцияны) жақындата түседі [4, 73 б.].

Тіл-тілдегі проксемикалық элементтердің әлденеше түрін Р. Соммер [5, 120-135 бб.], М. Хайдемest [6, 75] қарастырып, олардың ерекшеліктерін зерттесе, А.И. Галичев орыс және неміс тілдерінде кездесетін кинемалар мен проксемалардың 440-қа жуық түрі болатындығын атайды [4, 15 б.].

Бейвербалды элементтердің сапасына, сипатына қарап отырып, әр ұлттың мінез-құлқына сай спецификалық ерекшеліктерін анықтауға болады екен. Мысалы, американдықтар даңғаза, британдықтар мұрын шүйіруге дайын (чванливые), жапондықтар тайғанақ, немістер агрессивті ұлт болып саналады, дүние жүзінде осы ұлттар туралы осындай стереотип бағалар қалыптасып кеткен. Ал қазақтарды іскерлік қасиеттеріне қарай, іскерлік кездесулердегі ым мен ишараттарды пайдалануына қарай қандай ұлт екенін бағалауға, ол жөнінде нақты пікір айтуға әзірше дайындық жоқ (қалыптасқан көзқарас, пікір жоқ) деп білеміз.

Бейвербалды элементтердің психологиялық, әлеуметтік-психологиялық маңызы зор. Коммуникация кезінде адамның нені айтқандығы ғана маңызды емес, адамның ым мен ишараттар арқылы эмоциясын жеткізуі де айтуға тұратын ерекшелік.

Тілдік мағына грамматикалық және лексикалық мағына болып екіге бөлінеді. Оның ішінде біз үшін маңыздысы лексикалық мағына. Лексикалық мағынаны анықтаудың ғалымдар ұсынған бағыттары мен жолдары көп. Алайда, қазақ тіл білімінде бұл мәселе арнайы

зерттелген емес. Сондықтан лексикалық мағынаны әр зерттеуші өзінше түсінеді. Мысалы, В.А. Звегинцев былай дейді: “Сөздің лексикалық мағынасы – бұл оның лексика-семантикалық варианттарының жиынтығы”. Сөздің лексикалық мағынасын анықтаушы фактор деп В.А. Звегинцев мыналарды көрсетеді:

1. Сөз деп аталатын заттардың жиынтығы;
2. Ұғыммен байланысы болса немесе бірдей болса;
3. Заттардың басқа класынан бір класты бөлетін сөздегі ерекше белгілерінің болуы [7, 321 б.].

Лексикалық мағына сөздің өзіне сәйкес ұғымға деген қатынасы мен тілдің лексикалық жүйесіндегі орнымен анықталады. М.И. Фомина: “Сөздің лексикалық мағынасы тек қана оның тікелей бейнеленетін нақты не абстрактылы затқа деген қатынасы ғана емес. Сөз мағынасында жалпы затты-логикалық байланыстар және берілген лексикалық парадигмадағы басқа сөздердің мағыналарымен қатынас, сондай-ақ лексикалық тіркесудің шекарасы бейнеленген” [8, 30 б.]. Профессор А.М. Ходжиев: “Сөздің объектив дүниедегі заттар мен құбылыстар, әрекет пен белгі сияқтылардан хабар беретін мазмұны лексикалық мағына болып саналады”, – дейді. Азербайжан тілшісі Ә. Фэрәчев: “Лексикалық мағына сөздің жеке тұрғандағы мағынасы”, – десе, қарақалпақ тілшісі Е. Бердимуратов: “Сөздің лексикалық мағынасы ол не бұл тілдің грамматикалық заңдылықтары бойынша қалыптасқан заттық-предметтік мағынадан құралады”, – дейді [9, 45 б.]. Түрік ғалымы Ахмет Бижан Эрджиласун сөз мағынасы туралы: «Anlam deęişmelerinde inanış, kültür, yaşayış ve teknoloji önemli bir etkindir. Bu açıdan toplum dil bilimi ile anlam bilimi iç içedir» дейді [10, 150 б.].

Өз зерттеуінде М. Оразов мағынаны анықтаудың басқа түрлерін талдайды. Мағынаны қатынас арқылы анықтауға тырысушыларды ол үш топқа бөледі. Бірінші топқа сөз мағынасын объектив дүниедегі заттардың түйсік арқылы қабылданған бейнесі мен дыбысталу арасынан шығарушыларды ендірсек, екінші топқа сөз мағынасын өздері мүше болған жүйе құрамындағы сөздермен арақатынасынан шығарушылар енеді. Ал, үшінші топқа сөз мағынасын олардың сөйлем құрамына еніп, басқа сөздермен байланысынан ғана туады деушілерді енгізуге болады [11, 38 б.].

Сондай-ақ, ғалым мағынаны сөздердің системадағы орны арқылы анықтауды, көп мағыналылықтың құбылысы ретінде анықтауды, сөйлеу кезіндегі информация беру мен анықтауды кеңінен қолдайды.

Ол сөздің белгілі өзіне тән мағынасы бар деуші қазақ ғалымдарының ойларына қосылады. Ә. Болғанбаев былай дейді: “Сөз біткеннің барлығында белгілі мағына болады” [12, 14 б.]. Ғ. Мұсабаев: “Сөз болған жерде мағына болу – табиғи нәрсе” [9, 15 б.]. Ғалымның өзі мағынаға мынадай анықтама береді: “Лексикалық мағына дегеніміз белгілі бір дыбыс не дыбыстар тізбегі мен шартты, тарихи және әлеуметтік байланысқа түскен объектив дүниедегі заттардың, амал-әрекеттердің, түрлі құбылыстардың адам санасындағы жалпыланған, дерексізденген бейнесі” [9, 45 б.].

А. Салқынбайдың бұл мәселедегі пікірі мынадай: “Семантика – понятие сложное, состоящее из нескольких наименьших сем и связанная с другими категориями. Без лексического значения нет и грамматического значения. Грамматическое значение не может существовать в отрыве от лексического” [13, 8-9 бб.].

Б. Сағындықұлы сөз мағыналарына тоқтала кетіп, оны іштей екіге бөледі. Біріншісі – лексикалық мағына, екіншісі – лексика-грамматикалық мағына. Екеуіне толықтай тоқтала отырып, мынадай анықтама береді: “Сөздің өзге сөздермен қарым-қатынасқа, байланысқа түспей, жеке-дара тұрғанда тікелей түсінілетін халық таныған логикалық заттық ұғымы, лексика-семантикалық түсінігі лексикалық мағына деп аталады. Сөздің лексикалық мағынасы адам санасында зат, құбылыс, әрекет жайында ұғым, түсінік пайда болғаннан кейін ғана қалыптасады. Екінші сөзбен айтқанда, лексикалық мағына дегеніміз – әр сөздің бір тілде сөйлейтін ұлт таныған, жалпыға түсінікті, меншікті мағынасы. Лексикалық мағына – сөздерді бір-бірінен ажыратып танудағы ең негізгі мағына. Сондықтан да ол сөздің басқа мағыналарының тууына негіз болады. Сөз лексикалық мағына арқылы ғана жеке-даралық сипатқа ие болады. Шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың сапасы мен қасиеттері де, қарым-қатынастары да сан алуан. Әртүрлі сапа-қасиеттер, қарым-қатынастар сөздің лексикалық мағынасының құрамына еніп, бір сөздің екінші бір сөзбен ажыратылып жатуына, не байланысып жатуына себепші болады.

Түбір арқылы берілетін, арнаулы грамматикалық формасы болмайтын, лексикалық мағынамен жарыса қолданылатын, жалпыланған, дерексізденген мағынаны лексика-грамматикалық мағына деп атаймыз. Сөздің бойында лексикалық мағына мен лексика-грамматикалық мағына жеке-жеке өмір сүрмейді, бірімен екіншісі жалғанып, араласып, біте қайнасып жатады. Лексика-грамматикалық

мағына өзге де грамматикалық мағыналар сияқты лексикалық мағынаның жетегінде болады, соның негізінде анықталады. Сөз әрі лексикалық, әрі лексика-грамматикалық мағыналардың жиынтығынан құралып, біртұтас мағынаны білдіріп, сөйлемнің кірпіші бола алады” [14, 9-10 бб.].

Сөз мағынасындағы түрлі өзгерістердің өту жағдайына тоқтала келіп проф. Б. Момынова газет тіліндегі сөздердің туынды мағынасы мен көп мағыналылықты білдіруіне байланысты мынадай пікір айтады: “Жаңа мағыналық құрылыммен атау ретінде туынды мағынаның пайда болуы бұрыннан бар тілдік единицалар негізінде іске асады. Басқаша айтсақ, тілде бар таңбаларға жаңа мағыналар үстемеленіп қолданылады. Сондықтан да тілдегі жаңа құбылыстарды атау үшін үнемі жаңа сөз ойлап табу жалған мотивті сөздер қатарын көбейтуді, оларды еселей беруді тоқтатуға мүмкіндік береді. Ал газет тілінде жаңа құбылыстарды атау қажеттілігі үнемі туындап отырады. Ондай қажеттілік жалпы тіл үшін ірі қоғамдық дүмпулер мен өзгерістер кезінде аса маңызды түрде сезілсе, ал қоғам өмірінің жаршысы ретінде газет мұндай қоғамдық- әлеуметтік реакцияларға іле-шала жауап беруі тиіс.

Сол тұста субстантивтерді атау қажеттілігі көбірек болады. Аса оңтайлы тәсіл ретінде осы сөз мағыналарын өзгертіп пайдалану арқылы біраз қажеттілікті өтеу мүмкіндігі шешіледі” [15, 166 б.].

Қорытынды

Тіл – жанды құбылыс. Оның лексикалық құрамындағы сөздер үнемі қозғалыста болып, сөз топтары қатарында ауысу процестері жүріп отырады. Осы ауысу нәтижелері ретінде субстантивация, адъективация, прономинализация, нумерализация, адвербаллизация, вербаллизациялық құбылыстарын атар едік. Қажеттіліктен туатын мұндай құбылыстар шектен шыққан қайшылық ретінде емес, лингвистикалық даму заңдылықтары нәтижесі деп танылады, соған байланысты тілдегі өзекті проблемалар қатарынан саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Николаева Т.М. Интерференция языковых и неязыковых коммуникативных средств в человеческом общении. – М.: Высшая школа, 1973. – 79 с.
2. Ешимов М.П. Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 127 б.
3. Бейсембаева С.Б. Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке: Дис. канд. филол. наук: 10.02.02. – Алматы: КазНУ, 2003. – 119 с.

4. Галичев А.И. Кинесический и проксемический компоненты речевого общения. – М.: Наука, 1987. – 122 с.
5. Хайдеметс М. Пространственный фактор в межличностных отношениях // Человек, среда, пространство. – Тарту: Изд. Тартусского унив., 1979. – С. 120-135.
6. Бгажноков Б.Х. Очерки этнографии адыгов. – Нальчик: Эльбрус, 1983. – 229 с.
7. Звегинцев М. Семасиология. М.: Изд-во МГУ, 1957. – 321 с.
8. Фомина К. Современный русский язык // Лексикология. – Москва: Наука, 1984. – 167 с.
9. Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі // Лексикология. – Алматы: Ғылым, 1973. – 362 б.
10. Эрсиласун, Ахмет Б. (2009), «Современное состояние и проблемы изучения турецкого языка», Журнал тюркских исследований Гази, Специальный выпуск Нечмеддина Хачиеминоглу, выпуск 5, (с.149), с. 143-156.
11. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 213 б.
12. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 147 б.
13. Салкинбаева А. Семантика и функция имени действия на –у в современном казахском языке: Дис. канд. филол. наук: 10.02.02. – КазНУ, 1991. – 116 с.
14. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі // Лексикология. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 192 б.
15. Момынова Б. Газет лексикасы: Жүйесі мен құрылымы. – Алматы: Арыс, 1999. – 224 б.

REFERENCES

1. Nikolaeva T.M. Interferensiya yazykovykh I neyazykovykh kommunikativnykh sredstv v chelovecheskom obshenii. – М.: Vysshaya shkola, 1973. -79 s.
2. Echimov M.P. Ym semantikasy: universalды jane ulıtyk tabıgaty: Filol.gyl.kand.dis.: 10.02.02. – Almaty, 2004. – 127 b.
3. Beisembaeva S.B. Neverbalnye kompanenty komunikasii v kazahskom yazyke: Dis.kand.filol.nauk: 10.02.02. – Almaty: KazNU, 2003. – 119 s.
4. Galishev A.I. Kinesicheskii I proksemieskii komponenty rechevogo obcheniya. – М.: Nauka, 1987. -122 s.
5. Haidemets M. Prostranstvennyi factor v mejlichnostnykh otnocheniyah // Chelovek, sreda, prostranstvo. – Tartu: Izd. Tartusskogo univ., 1979. – s.120-135.
6. Bgazhnokov B.H. Ocherki etnografi adygov. – Nalchik: Elbrus, 1983. -229 s.
7. Zvegisev M. Semasiologiya. М.: Izd-vo MGU, 1957. – 321 s.
8. Fomina K. Sovremenniy russkii iyazyk //Leksikologiya. Moskva: Nauka, 1984. -167 s.
9. Musabaev G. Kazirgi kazak tili // Leksikologia. – Almaty: Gylım, 1973. -362 b.
- 10.10 Ercilasun, Ahmet B. (2009), “Türk Dili Araştırmalarının Bugünkü Durumu ve Sorunlar”, Gazi Türkiyat Türklük Bilimi Araştırmaları Dergisi, Necmeddin Hacıeminoğlu Özel Sayısı, Sayı: 5, (bk. 149. s), s. 143-156.
11. Orazov M. Kazak tilinin semantikasy. – Almaty: Rauan, 1991. -213 b.
12. Bolganbaev A. Kazak tili leksikologiyasy. – Almaty: Mektep, 1988. – 147 b.
13. Salkinbaeva A. Semantika I funksia imeni deistviya na –u v sovremennom kazakskom yazyke: Dis. kand. Filol. Nauk: 10.02.02. – KazNU, 1991. -116 s.
14. Sagyndykuly B. Kazirgi kazak tili // Leksikologiya. – Almaty: Kazak universiteti, 2004. -192 b.
15. Momynova B. Gazet leksikasy: Juiesi men kurylymy. – Almaty: Arys, 1999. -224 s.

Özet

Makalede resmi yazı stili açısından sözsüz iletişim öğelerinin iş buluşmalarının ayrılmaz bir parçası olduğu, belli bir kinetik jesti seçmek konuşmacının dinleyiciye olan bakış açısını hissettirmekle beraber konuşmacının toplumsal sistemle, geleneklerle tanış olduğunu göstermesinden söz edilecektir. Buna göre dilde jest ve mimiklerin semantiğini ele alma meselesi, jest ve mimiklerin semantiğinin uluslararası ilişkilerde oldukça güncel olduğu konusunda bilgi verilecektir. Makalede sözsüz iletişim öğelerinin kalitesine, farklı milletlerin karakterlerine uygun özellikler ele alınacaktır. Çeşitli memleketlerin bilim adamlarının anlambilimi hakkındaki kalıplaşmış düşüncelerine yer verilecektir.

Dilsel anlam, gramerlik ve sözcüksel anlam olarak ikiye ayrılır. Bunların en önemlisi sözcüksel anlamdır. Sözcük anlamının belirlenmesinde bilim adamlarının önerdikleri yön ve yollar çoktur. Ancak Kazak dilbiliminde bu mesele özel olarak araştırılmamıştır. Bu yüzden sözcük anlamını her araştırmacı kendine göre yorumlar. Makalede bilim adamlarının bu yöndeki düşüncelerine yer verilecektir.

Anahtar kelime: Anlam, kavram, semantik (anlambilimi), jest, mimik, proksemik, iletişim

(S. Мағжан. Jest ve Mimik Semantiği)

Резюме

В статье рассматривается формальный стиль невербальных элементов коммуникации, которые являются неотъемлемой частью деловой встречи, выбор конкретного кинетического элемента зависит от отношения говорящего к слушателю, отражает особенности поведения говорящего в определенной социальной среде, его знакомство с традициями и обычаями народа. В связи с этим, в статье рассматривается вопрос о семантике кинетического знака и языка жестов, а также вопрос о семантике жестов и сигналов в межкультурной коммуникации. В статье рассматриваются особенности невербальных элементов, характеристика кинетических знаков в зависимости от национальной культуры. Кроме того приводятся результаты исследований ученых разных стран, посвященных семантике невербальных знаков коммуникации, дается ссылка на сформулированные в науке представления о семантике.

Ритм и интенсивность голоса человека влияют на ход и результат общения, смысл отдельных слов и словосочетаний. Языковые значения подразделяются на грамматические и лексические значения, среди которых особо важное значение имеет лексическое значение. В данной статье автор рассматривает новейшие научные и философские концепции проблемы сознания и общения. Однако в казахском языкознании данный вопрос малоизучен. В статье представлены взгляды ученых, где каждый исследователь по-своему понимает лексическое значение слов и невербальных компонентов коммуникации.

Ключевые слова: Значение, понятие, семантика, мимика, жест, проксемика, коммуникация.

(С. Мағжан. Семантика мимики и жестов)